b.socrative.com платформасы арқылы тест тапсырмалары




QUIVER ПЛАТФОРМАСЫ арқылы 3D суреттер
Бастауыш класта планеталарды таныстыруға 3д сурет арқылы QUIVER платформасын таныстыруға болады.





en.islcollective.com парақшасында әр кластарға сәйкес келетін видеосабақтар пайдалануға болады. Мысалы Артур Конон Дойлдың өмірбаянын алдым. Видео көрсетіледі, содан кейін тоқтап көрсетілген ақпаратқа сұрақ қойылады.



Қорытынды Ойын платформасы ағылшын тілі сабағында қолдану оқушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырып, олардың коммуникативтік дағдыларын дамытады. Бұл әдіс арқылы оқушылар тілді меңгерудің қиындықтарын сезінбей, еркін әрі қызықты түрде үйренеді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Мухамбеткалиева Мира Маратовна
учитель по художественному труду
Школа лицей 23 имени Ж.Кизатова
Г. Кызылорда

В данной статье рассматривается применение искусственного интеллекта (ИИ) на уроках художественного труда для школьников среднего звена. Обсуждаются возможности платформ Google Arts & Culture, DeepArt, DALL-E 2 и Tux Paint, которые предоставляют учителям инновационные возможности для роста творческих навыков и креативного мышления учащихся. Приведены практические примеры использования этих платформ в образовательном процессе, включая задания по исследованию художественных стилей, созданию оригинальных и стилизованных работ, а также организации виртуальных выставок. Статья подчеркивает значимость интеграции ИИ в образовательную практику для формирования ключевых навыков XXI века, таких как критическое восприятие, цифровая грамотность и способность к визуализации сложных концепций.

Искусственный интеллект (ИИ) становится все более распространенным в различных сферах образования, включая уроки художественного труда. Внедрение ИИ может значительно повысить интерес учащихся к искусству, развить их творческий потенциал и улучшить образовательные результаты.

Google Arts & Culture предоставляет доступ к коллекциям более чем 2000 музеев, галерей и культурных учреждений со всего мира. Это позволяет школьникам знакомиться с произведениями искусства различных эпох, стилей и культур, не выходя из класса. Учителя могут использовать эту платформу для организации цифровых туров, где они могут исследовать знаменитые музеи, такие как Лувр, Музей современного искусства в Нью-Йорке или Британский музей.

С помощью платформы педагоги создают интерактивные задания и проекты, которые помогут учащимся глубже понять искусство.

Ученики выбирают определенный художественный стиль, например, ренессанс, классицизм или импрессионизм, и исследуют его, используя материалы Google Arts & Culture. Они создают презентации, где объясняют основные характеристики стиля и приводят примеры произведений. Школьники собирают данные, какие черты присущи ренессансному искусству, такие как реализм, перспектива, гуманизм, и другие. Они создают слайды, объясняющие каждую характеристику. Платформа предоставляет обширные материалы, включая описания, исторические контексты и коллекции произведений.

Дети могут создать собственные художественные шедевры, вдохновленные картинами, представленными искусственным интеллектом. Инструменты, такие как Art Transfer, позволяют применять стили известных художников к своим собственным фотографиям или рисункам. Задание помогает развить эстетическое восприятие, понимание стилистических особенностей, а также навыки работы с цифровыми системами.

Дети проводят виртуальные экскурсии по выбранному музею или галерее, используя Google Street View, интегрированный в платформу. Они готовят отчеты или видеопрезентации, в которых делятся своими впечатлениями и анализируют увиденные артефакты. Функция дистанционных путешествий позволяет “прогуляться” по знаменитым музеям и галереям, изучая экспонаты в их естественной среде.

Google Arts & Culture способствует развивать критическое мышление и аналитические навыки. Учителя могут задавать вопросы, требующие глубокого анализа и интерпретации художественных работ. Примеры таких вопросов могут включать:

Какие эмоции вызывает это произведение искусства и почему?
Какие техники использовал художник для передачи своего замысла?
Как исторический контекст повлиял на создание этого произведения?

Платформа DeepArt представляет собой мощный инструмент для учителей, стремящихся интегрировать искусственный интеллект в процесс обучения. Использование этой платформы на уроках позволяет ребятам не только развивать свои творческие навыки, но и знакомиться с передовыми технологиями, что делает обучение более интересным и современным.

Учащиеся создают несколько рисунков на заданную тему (например, природа, городской пейзаж). Затем они загружают свои работы на DeepArt и преобразуют в различные стили. После этого каждый ученик выбирает три наиболее удачных и делает сравнительный

анализ, описывая, как изменился визуальный эффект и настроение работы. DeepArt позволяет ученикам экспериментировать с различными стилями и выбирать наиболее интересные и подходящие для их работ.

Школьники делятся на группы и создают серию работ, стилизованных под разных художников, на одну общую тему (например, «Сезоны года»). Группа отвечает за один стиль и одну часть проекта. В конце они объединяют свои работы в одну большую композицию, представляя ее на общем уроке. Это развивает навыки командной работы и коллективного творчества. DeepArt обеспечивает равные возможности для всех, предоставляя широкий выбор стилей и упрощая процесс преобразования рисунков.

Ученики выполняют серию работ и загружают на платформу DeepArt. Затем они формируют цифровое портфолио, включающее как оригинальные, так и стилизованные версии, дополняя его описаниями и комментариями на восприятие изображений. Это формирует развитие навыков цифровой грамотности и художественного анализа, а также создание готового портфолио для участия на школьных выставках или конкурсах. Система предоставляет конструкции для создания уникальных трудов, что делает их портфолио более профессиональным.

Ученикисоздаютабстрактныерисункисиспользованием различных техник (акварель, карандаш, гуашь и т.д.). Затем они загружают свои работы и применяют к ним абстрактные стили художников, таких как Кандинский или Мондриан. После этого они обсуждают, как они изменились и какие новые элементы появились. Это содействует пониманию абстрактного искусства и эксперименты с различными техниками.

Ребята создают рисунки на заданную тему, затем загружают их на DeepArt. После этого они создают виртуальную выставку, используя онлайн-платформы для создания галерей (например, Google Slides или Artsteps). Могут пригласить своих одноклассников, родителей, учителей для оценки и получить за это баллы и награды. Платформа позволяет представить свои творения и более широкой аудитории.

DALL-E 2 — это высокотехнологичная платформа, разработанная OpenAI, использующая возможности искусственного интеллекта для создания изображений на основе текстовых описаний. Данный ресурс представляет собой значительное средство для образовательного процесса школьников, позволяя им проецировать свои идеи и генерировать уникальные арт-объекты, опираясь на воображение и креативность.

“Кот, играющий на пианино под звездным небом”

Ученикам предлагается создать текстовое описание для генерации изображения. Они могут использовать такие детали, как цвет кота, стиль пианино, характер звездного неба (например, наличие созвездий или падающих звезд).

Они описывают животное (например, “черный кот с белыми лапками”), пианино (например, “старинное пианино с золотыми клавишами”) и звездное небо (например, “ночное небо, полное ярких звезд и млечного пути”).

С помощью DALL-E 2 ученики вводят свое описание и получают сгенерированное изображение.

После получения иллюстрации школьники могут обсудить его, отметить, какие детали были учтены правильно, а какие можно было бы описать более подробно.

Этот процесс помогает развить навыки описания и визуализации, что важно для их общего образовательного развития.

Дети могут сконструировать исторические события или сцены и видеть, как они оживают. Например, “битва при Ватерлоо” или “строительство пирамид”.

Фантастические миры: ученики могут сотворить образы из прочитанных книг или придуманных миров, например, “лесной эльфийский городок” или “подводный мир с русалками и затонувшими кораблями”.

Научные концепции: использование DALL-E 2 для воплощения сложных научных концепций, таких как “черная дыра, поглощающая звезду” или “атомная структура в кристаллической решетке”.

Экологические проекты: создание изображений, иллюстрирующих экологические ситуации и их решения, например, “город будущего с устойчивой архитектурой” или “заповедник для редких видов животных”.

Tux Paint представляет собой легкое и интуитивно понятное программное обеспечение для рисования, специально разработанное для детей. Данная платформа предоставляет широкий спектр функций. Она характеризуется простым интерфейсом и удобными средствами, такими как кисти, штампы, формы и эффекты, что делает процесс создания изображений увлекательным и доступным.

Ребята создают серию творческих проектов, в которых исследуют различные цветовые схемы и формы. Например, они могут рисовать пейзажи, используя теплые и холодные цвета, или создавать абстрактные композиции, применяя геометрические формы.

Могут производить и короткие анимационные фильмы, рисуя каждый кадр вручную с помощью Tux Paint. Это помогает им понять основы анимации и развить навыки последовательного рисования.

Таким образом, использование искусственного интеллекта на уроках художественного труда не только обогащает образовательный процесс, но и формирует у учащихся ключевые навыки XXI века. Внедрение этих технологий в образовательную практику является важным шагом на пути к формированию современного, инновационного подхода к обучению, отвечающего вызовам и требованиям сегодняшнего мира.

Список использованной литературы:

Гуськова, Т. Н., и Колесникова, И. А. (2015). "Методические подходы к интеграции ИИ в школьное образование". Издательство "Учитель".
Иванова, Т. А. (2020). "Инновационные методы обучения в художественном образовании". Издательство "Педагогика".
Смит, Д. (2019). "Искусственный интеллект и креативность: возможности и перспективы". Издательство "Технологии образования".
Крутов, В. В. (2017). "Методы обучения искусству в эпоху цифровых технологий". Издательство "Мир образования".

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мухамбетова Гульсара Машановна
Мұзафар Әлімбаев атындағы
№ 25 жалпы жалпы білім беретін мектебі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының жан-жақты дамуы мен терең білім алуына ерекше назар аударылып келеді. Осы орайда пәнаралық байланыс – оқыту мен тәрбие жұмысында тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Әсіресе, қазақ тілі сабағында пәнаралық байланысты қолдану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, ойлау қабілетін дамыту, басқа пәндерге қызығушылықтарын арттыру маңызды.

Пәнаралық байланыс – бұл әр түрлі пәндер арасындағы өзара байланыс пен интеграцияны қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер жиынтығы. Бұл ұғым оқыту барысында бір пәнде алған білімнің екінші пәнде қолданылуын білдіреді. Қазақ тілі сабағында пәнаралық байланыс оқушының жалпы білім қорын тереңдетіп, оның қызығушылықтарын арттырады. Бұл тәсіл арқылы оқушы тек тіл үйреніп қана қоймай, басқа пәндерден алған білімдерін практикалық түрде қолдана біледі.

Сондықтан, мектепте оқу пәндері арасындағы байланыстарды саралап анықтау, оларды бір-біріне ұштастыра жүргізе білуге үйрену мәселесі яғни пәнаралық байланыс проблемасы туып отыр. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат-саналы, білімді, тәрбиелі ұрпақ өсіру. Болашақ ұрпақ-келешек қоғам иесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдини-ғылыми өрісі озық адамзат етіп тәрбелеу біздің де қоғамның алдындағы борышымыз. Сондықтан орта мектептерде пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімділігі жолға қойылуда.

Келешек ұрпаққа білім берудегі күрделі мәселелердің бірі – біртұтас педагогикалық үрдіс кезіндегі сабақтарда пәнаралық байланысты жүзеге асыру. Пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық міндеті – оқыту үрдісінде білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты құру.

Жалпы білім беретін мектеп пән мұғалімдерінің пәнаралық білімдер мен іскерліктерді игеруі – оқу үрдісін пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастыру үшін алғы шарт.

Қазақ тілін оқыту әдістемісінің тарихи дамуында есімі алғаш аталатын тұңғыш ағартушы Ы.Алтынсарин пәнаралық байланыс жайында арнайы пікір айтпағанмен, қазақ балаларына орыс алфавитін танытып, орыс тілі мен қазақ тілін және оларды басқа пәндермен байланыстыруды оқыту әдісінің негізгі құралы ретінде пайдалануға болатынын сөз еткен.

Пәнаралық байланыстар – біріншіден, оқу пәндері арасында объективті түрде болатын мақсатты және мазмұнды сәйкестіктер, екіншіден, белгілі бір

құбылыстарды зерттеу барысында осы материалды пайдаланудың ұйымдастырушылық формалары.

Джон Хэтци (Джон Хатти) сияқты зерттеушілердің еңбектерінде ақпаратты, соның ішінде пәнаралық байланыс карталарын визуализациялау оқу процесін және оқу сапасын жақсартуға ықпал ететіні көрсетілген. Мұндай карталар әртүрлі пәндер арасындағы білім мен қатынастарды құрылымдауға көмектеседі, бұл оқушылардың оқу материалын толық түсінуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар Жером Брунсфорд (Джером Брунер) мен Льюис Терманның (Льюис Терман) зерттеулері пәнаралық карталар сияқты визуалды оқыту құралдарын пайдалану студенттердің материалды тереңірек және өнімді игеруіне ықпал ететінін көрсетті [3].

Жоғарыдағы пәнаралық байланыс туралы пікірлерді қорытындылай келгенде, мына мәселелерге көңіл аударамыз:

1. Пәнаралық байланыс қазақ тілін оқытуға арналған арнайы мектеп бағдарламаларында тек кейінгі жылдары ғана қолға алына бастады:
2. Пәнаралық байланыс мәселесінің қазақ тіліне байланысты зерттелуі бір жүйеде арнайы қарастырылмаған.
3. Мектеп мұғалімдері пәнаралық байланысты өз тәжірибелеріне сүйеніп қана жүргізеді, аталған мәселе бойынша озат мұғалімдердің іс-тәжірибелері уағыздалып, кең дәрежеде таратылмаған[13,49-50].

Пәнаралық байланысты жүзеге асыруда кең тараған жолдары мыналар:

1. әңгімелесу.
2. саяхат.
3. тәжірибе жасау.
4. техникалық құралдарды пайдалану.
5. танымдық есептер құрастыру, оны шешу.
6. сөзжұмбақтар, ребустар, метограммаларды құрастыру, шешу.
7. практикалық жұмыстар жүргізу[13,42].

Пәнаралық байланыс үрдісінде оқушының шығармашылық белсенділігін арттыру керек.

Жалпы білім беретін мектептің негізгі деңгейінде «Қазақ тілі» пәні барлық пәндермен байланысқа түседі. Қазақ тілінің лексика тарауында барлық пәнге тән терминдер, кәсіби сөздер, жалпы халықтық қолданыстағы сөздер қамтылады. Сөзжасамда биология, география, астрономия, физика, химия пәндеріне қатысты ұғым атаулары меңгертіледі. Морфологияның сөз таптары аясында математика, тарих, қоғамтану, өнер, технология, валеология, т.б. пәндерге қатысты терминдердің табиғаты мен тұлғалық ерекшеліктері танытылады. Синтаксис пен стиль салаларында мектептегі оқу пәндерінің сөйлем жүйесі мен қолданылу ерекшеліктері игертіледі

Оқыту үдерісінде «Қазақ тілі» пәні төмендегі оқу пәндерімен тығыз байланыста оқытылады:

1. «Қазақ әдебиетімен»: қазақ тілі қазақ әдебиетімен тығыз байланысты. Қазақ әдебиеті сабағымен пәнаралық байланыс орнату – тіл сабақтарының тиімділігін арттырады. Әдеби шығармаларды талдау барысында оқушылар қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс қолдануды үйренеді, мәтіннің мазмұнын толық түсініп, өз пікірін еркін жеткізе алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір шығарманың немесе ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы сұхбат жүргізіп, мәтіннен жаңа сөздер мен тіркестерді үйренеді. Бұл орайда қазақ әдебиеті мен тіл бір-бірін толықтырып, оқушының көркем сөйлеу дағдыларын қалыптастырады;
2. «Қазақстан тарихымен»: қазақ тілін оқытудың тағы бір маңызды бағыты – тарихпен пәнаралық байланыс орнату. Тарих сабағында қазақ халқының мәдениеті, тарихы, ұлттық дәстүрлері туралы мағлұмат алған оқушылар, осы білімді қазақ тілі сабағында қолдана отырып, сөйлеу және жазу дағдыларын дамыта алады. Мысалы, қазақ халқының тарихи тұлғалары мен оқиғалары туралы деректерді қазақ тілінде баяндау, тақырыптық мәтіндермен жұмыс жасау, мақал-мәтелдер мен сөз тіркестерін қолдану оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға көмектеседі;
3. Жаратылыстану циклі пәндерімен: тілдік материалдардың мазмұны жаратылыстану пәндерінің мазмұнымен тікелей байланыста болады. Биологиямен байланыстыру тілді жанды құбылыс ретінде тануға мүмкіндік береді. Басқа пәндермен сабақтастыра оқыту қазақ тілінің терминдер жүйесімен тығыз байланысты. Тіл дыбыстары физикалық құбылыс ретінде танылады;
4. Математикамен байланыс: қазақ тілі мен математика пәндерінің байланысы да өте маңызды. Математикалық есептерді қазақ тілінде шығару, математикалық терминдерді түсініп қолдану оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, есептердің мәтінін қазақ тілінде оқу, есептің шешімін жазу немесе ауызша түсіндіру оқушылардың математикалық ойлауын тілмен үйлестіре отырып дамытуға мүмкіндік береді;
5. Өнер мен музыкамен байланыс: өнер мен музыка арқылы қазақ тілі сабағын байыту да пәнаралық байланыстың маңызды элементі болып табылады. Қазақтың ұлттық әндері, күйлері мен халық шығармашылығын тіл сабағында қолдану, осы өнер түрлеріне байланысты мәтіндермен жұмыс істеу оқушылардың қазақ мәдениетін терең түсінуіне, қазақ тілінде еркін сөйлеуге көмектеседі. Сонымен қатар, көркемөнер мен музыка тақырыптарына арналған шығармашылық жұмыстар оқушылардың тілдік қорын арттырады;
6. Информатикамен: қазақ тіліндегі информатика терминдері мен ұғымдарын білу қоғамның технологиялық аспектілері туралы мәтіндер жазу кезінде пайдалы болуы мүмкін. Қазақ тілін ақпараттық технологияларда және интернет-ортада қолдану пайдасына дәлелдеу.

Қазақ тілін әдебиет, тарих, математика, биология, география, бейнелеу өнері, шет тілі, орыс тілі, ән сабақтарымен байланыстырудың мүмкіндіктері мол бола тұра, мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінде қазақ тілін тек әдебиетпен ғана байланыстыру болып келеді.

Мұғалімдер тәжірибесінде оқушыларға пәнаралық сипаттағы проблемалы сұрақтар беру, үйге берілетін тапсырманың да пәнаралық негізде болуы ескеріле бермейді.

Мектептерде өткізілетін кластан тыс жұмыстардың да пәнаралық сипат алу жағы жеткіліксіз.Өткізілген тәжірибеміз негізінде келесі ұсыныстар жасаймыз:

1. Бүгінгі студент-ертеңгі маман. Сондықтан жоғары оқу орындарында оқылатын психология, педагогика, әдістеме пәндерінде пәнаралық байланыс мәселесі дұрыс жолға қойылуы керек.
2. Әдістеме пәнінің практикалық сабақтарында студенттерге «Қалыптан тыс сабақтардың» теориялық, тәжірибелік жақтарын меңгертумен қатар,ол сабақтарда пәнаралық байланысты іске асырудың мүмкіндіктерінің мол екенін басшылыққа алу керек.
3. Мектеп бағдарламасында қазақ тілін әдебиетпен қатар басқа пәндермен де байланыстырудың алғы шарттарын енгізу керек.
4. Қазақ тілінен берілетін грамматикалық жаттығуларды пәнаралық байланысқа негіздеуге баса көңіл бөлу керек.
5. Оқушыларға пәнаралық байланысты көрсететін түрлі сұрақтар, грамматикалық ойын үлгілерін жасап, компютерге программалар жасату қажет.
6. Пәнаралық байланыстың теориялық, тәжірибелік жағын танытатын, әрі мұғалімдер басшылыққа алатын теориялық, әдістемелік әдебеттер жазылуы керек.
7. Әрбір класс оқушыларының ұғымдарына сай пәнаралық байланысқа негізделген қосымша дидактикалық материалдар бастырып шығару керек.
8. Диктант, мазмұндама жинақтарына пәнаралық байланыс сипаттағы тексте енгізу қажет.
9. Студенттер мен мектеп мұғалімдері басшылыққа алатындай пәнаралық байланыс сипатындағы күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарларының үлгілері жасалып, баспа беттерінде жарық көруі қажет.

Әрине, біздің зерттеуімізде қойылған мәселе толық,жан-жақты қарастырылды деген кесімді жауап айта алмаймыз. Зерттеу мәселесі қоғамда өзекті болғандықтан, болашақта аталмыш әдістемелік ұсыныстарымыз, қоғамда өзекті мәселе ретінде өз шешімін табады деген сенімдеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Орта білім беру ұйымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023 – 176 б.

2.Жаңартылған бастауыштың білім мазмұны аясында пәнаралық байланысты жүзеге асырудың педагогикалық шарттары 6D010200- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі. Талдықорған 2019ж.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ИЗУЧЕНИЕ ТВОРЧЕСТВА ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА В ШКОЛЕ

Мухамеджанова Айман Бейсенбаевна
учитель русского
языка, мастер-педагог,
кандидат
филологическихнаук
КГУ ОШ №66
Жетысуского района
г.Алматы

Данная тема стала основой в моей авторской программе элективного курса «Творческий путь Олжаса Сулейменова» для 11 классов с русским языком обучения естественно-математического направления.

В преддверии 90-летнего юбилея Олжаса Сулейменова в следующем 2016 году хотелось бы, чтобы современные учащиеся Казахстана владели бы знаниями о творчестве великого поэта, ученого, писателя и общественного деятеля в полной мере. Это наиболее актуально в современности. Его произведения, представленные для изучения в школе – это всего лишь стихотворение «Волчата» в 7 классе и всего один обзорный урок в 11 классе в курсе «Русская литература» – недостаточны для полного понимания значимости творений нашего знаменитого соотечественника.

Цели и задачи:

1. знать творчество О.Сулейменова;
2. анализировать произведения
3. осмысленно читать и воспринимать на слух, а также продуцировать литературные тексты;
4. учиться находить и критически оценивать информацию из СМИ и Интернета;
5. сопоставлять произведения русской, казахской и мировой литературы с точки зрения нравственной и эстетической ценности;

Актуальность: В отечественной науке актуальность данного проекта начинается с 1960-х годов XX века и до сих пор не утратила своей значимости. Данная тема представляет особый интерес с периода независимости Республики Казахстан.

Изучение творчества О.Сулейменова строится по новым технологиям преподнесения материала, а также привития навыков патриотического воспитания и гордости за свою литературу. Учащимся предлагается самостоятельно находить материал по произведениям писателя на просторах Интернета, т.к. ученики 11 классов владеют этим в совершенстве. Многие заинтересовываются данной темой и находят все новые и новые сообщения, интригуя одноклассников фактами, что является прекрасной мотивацией для изучения произведений классика. Так, например, ученик 11 класса Искаков Есен самостоятельно нашел материал о критике на книгу «Аз и Я», начиная с 1976 года, когда поэта буквально пытались уничтожить в Москве на заседании, где присутствовало 47 академиков и огромное количество докторов наук. Он был шокирован тем, что так ополчились на эту книгу и автора, хотя О.Сулейменов подошел к исследованию «Слова о полку Игореве» как билингв, знающий оба языка, тогда как другие исследователи подходили к нему только со знанием древнерусского языка. Удивил детей и факт, что в данном произведении поэт обнаружил большое количество тюркизмов, которые многочисленные исследователи так и оставили как «темные места». В настоящее время использование тюркизмов в данном произведении – научно доказанный факт. Еще одним из интересных исследований О.Сулейменова является «Тюрки в доистории» 2002 г. Больше века славянские и тюркские языки изучались изоли¬рованно друг от друга. Сегодня мы начинаем понимать, что это противоречило природе взаимозависимого развития этносов, знавших на протяжении прошедших тысячелетий длительные периоды двуязычия. Особенно важно, что такое случалось на ранних этапах становления языков, когда совместно выраба-тывались грамматические нормы, и происходил активный взаи¬мообмен не только лексическими материалами, но и морфоло¬гическими схемами и средствами. Тюркские и славянские сло¬вари и грамматики, если поместить их в единое поле зрения, взаимно дополняют друг друга.

Следовательно, в 1976 году можно было так не нападать на книгу О.Сулейменова, а попытаться понять мысли молодого ученого и принять к сведению. Как писал тогда академик Рыбаков: «В Алма-Ате вышла яростно антирусская книга». Полетели со своих должностей министр печати и все, кто был причастен к выпуску этой книги. И если бы не поддержка Д.Кунаева, кто знает, что бы могло

быть с талантливым ученым-лингвистом. Хотя после этого разноса поэт перестал писать стихи.

Проблем и трудностей в процессе изучения творчества О.Сулейменова не возникло. Для этого самому учителю надо хорошо владеть материалом, читать и знать изучаемые произведения, уметь заинтересовать учеников, зажечь в них дух исследования. Тогда успех обеспечен. Это пожелания тем коллегам, кто пойдет по моим стопам. Можно отдельные произведения О.Сулейменова, которые вызвали наибольший интерес у детей давать им для использования их в научных проектах.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ЛОГИКАЛЫҚ МАТЕМАТИКА

Мұхамедиярова Аймоншақ Ергалиқызы
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы,
Қаратоғай ЖОББМ
бастауыш сынып мұғалімі

Бағдарламаның өзектілігі: Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Бұл тұрғыда математикалық білімнің орны ерекше, себебі ол оқушының логикалық ойлау қабілетін, анализ және синтез жасау дағдыларын қалыптастырады. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытудың маңыздылығы Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарында да айқын көрсетілген. Дегенмен, бастауыш сынып оқушылары үшін логикалық тапсырмалар жүйелі түрде енгізілмегендіктен, олардың ойлау қабілеттерін дамытуда белгілі бір олқылықтар байқалады. Осы мәселені шешу мақсатында «Бастауыш сыныптардағы логикалық математика» авторлық бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарлама дәстүрлі математикалық білім беруді жетілдіруге бағытталған және оқушылардың математикалық сауаттылығын тереңдетуге көмектеседі. Бағдарламаның өзектілігі қазіргі қоғамдағы білім беру тенденцияларымен тікелей байланысты, өйткені XXI ғасырда адамдардан креативтілік, логикалық және аналитикалық ойлау, мәселелерді шешу қабілеті талап етіледі. Осыған байланысты, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту – мектептегі білім берудің басты басымдықтарының бірі болуы тиіс.

Бағдарламаның ерекшелігі – ол математикалық білімді логикалық тұрғыда меңгеруге бағытталған, яғни оқушыларды механикалық есептеу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар оларды логикалық ойлауға, өз бетінше шешім қабылдауға және аналитикалық дағдыларды дамытуға үйретеді. Бұл әдіс әлемдік тәжірибеде өзіндік тиімділігін дәлелдеген, ал Қазақстанда оны жүйелі түрде енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Бағдарламаның жаңашылдығы: Бағдарламаның басты жаңашылдығы – математикалық білім беруде логикалық тапсырмалар мен проблемалық жағдайларды қолданудың жүйелілігі. Қазіргі бастауыш сынып бағдарламаларында логикалық есептер аз қамтылған немесе қосымша ресурс ретінде ұсынылады. Ал бұл авторлық бағдарламада логикалық тапсырмалар негізгі оқу процесіне интеграцияланған. Сонымен қатар, бағдарламада дифференциацияланған оқыту әдісі қолданылады, яғни әрбір оқушының жеке қабілеттеріне қарай тапсырмалар деңгейі беріледі. Бұл үлгерімі төмен оқушыларға өз қарқынымен білім алуға мүмкіндік береді, ал дарынды оқушыларға күрделі логикалық тапсырмалар арқылы тереңірек ойлау қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Бағдарламада заманауи білім беру технологиялары кеңінен қолданылған.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін интерактивті тапсырмалар, компьютерлік бағдарламалар, мобильді қосымшалар және геймификация элементтері енгізілген. Бұл олардың сабаққа деген ынтасын арттырып, өзін-өзі

дамытуға деген құлшынысын оятады.

Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері:

Мақсаттары:

1.Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту – математикалық және логикалық тапсырмалар арқылы аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

2. Математика пәніне деген қызығушылықты арттыру – ойын элементтерін, қызықты тапсырмалар мен зерттеушілік әдістерді қолдану арқылы оқушылардың ынтасын көтеру.

3. Оқушылардың мәселелерді шешу дағдыларын жетілдіру – сыни ойлау, логикалық байланыстарды орнату, үлгілерді анықтау қабілеттерін дамыту.

4. Математикалық сауаттылықты арттыру – оқушылардың есептеу, салыстыру, модельдеу, талдау және синтез жасау қабілеттерін жетілдіру.

5. Жеке және топтық жұмыс дағдыларын дамыту – оқушылардың топпен жұмыс істеу, бірлесіп шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

1. Оқушыларға математикалық логика негіздері туралы түсінік беру.

2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай логикалық тапсырмалар жүйесін әзірлеу және оны оқу процесіне енгізу.

3. Логикалық тапсырмаларды шешу барысында оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту.

4. Математикалық логиканы қолдану арқылы проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастыру.

Осы тәсілдер бағдарламаның тиімділігін жан-жақты бағалауға және қажет болған жағдайда оны жетілдіруге мүмкіндік береді. Бағдарламаның нәтижелілігі оқушылардың логикалық ойлау дағдыларының артуымен, математикалық есептерді шешу шеберлігінің жақсаруымен және олардың жалпы интеллектуалдық дамуының күшеюімен анықталады.

«Бастауыш сыныптардағы логикалық математика» бағдарламасы
заманауи білім беру талаптарына сай келетін, оқушылардың логикалық ойлау
қабілетін дамытуға бағытталған тиімді әдістемелік құрал болып табылады.

Р\С	Тақырыбы	Сағат саны
1	Таңғажайып логика әлеміне алғашқы қадам	1
2	Жиын және суреттер: түрлі-түсті әлем	1
3	Қосу ережесі: тәттілер фестивалін жоспарлау	1
4	Көбейту ережесі: сәнді дүкендегі таңдау	1
5	Логикалық жұмбақтар: ақиқат пен өтірікті ажырату	1
6	Орналастыру: саяхат картасын құрастыру	1
7	Ауыстыру: пазлдарды құрастыру құпиясы	1
8	Орналастыру мен ауыстыруды салыстыру: қайсысы дұрыс?	1
9	Топтастыру сырлары: сәнді коллекция жасау	1
10	Логика және табиғат: жануарларды жүйелеу	1
11	Көңілді викторина: кім жылдам, кім тапқыр?	1
12	Қызықты логикалық ойындар: шеберлік шеберханасы	1
13	Жиындарды біріктіру және салыстыру: сан қилы мысалдар	1
14	Математикалық лабиринт: шытырман оқиғаларға толы саяхат	1
15	Кодтар мен құпиялар: құпия хаттарды ашу	1
16	Қосымша мүмкіндіктер: таксономиялық деңгейлер	1
17	Логикалық шытырман: сыныптағы детектив	1
18	Болжам жасау және тексеру: ғылымдағы тәжірибе	1
19	Кодтарды бұзу: құпия сөздер мен парольдер	1
20	Логика және компьютерлік ойындар: виртуалды әлемге көзқарас	1
21	Командалық жұмыс: үлкен есепті бірлесіп шешеміз	1
22	Логика және өнер: музыкалық әуендердің үйлесімі	1
23	Практикалық тәжірибелер: түрлі-түсті қағаздар мен қолөнер	1
24	Математикалық бәйге: топтық сайыс	1
25	Эстафета-сабақ: жылдамдық пен ұйымшылдық	1
26	Логика және геометрия: фигураларды реттеу	1
27	Есеп құрастыру: өз идеяңды ұсын	1
28	Сабақты біріктіру: логика және тіл өнері	1
29	Күнделікті өмірдегі жоспарлау: уақыт пен іс-шараны тиімді орналастыру	1
30	Креативті жоба: топтық ғылыми жұмыс	1
31	Шығармашылық есептер мен танымдық тәжірибелер	1
32	Қорытынды тест: ойлау шыңы	1
33	Марапаттау және мереке сабағы: жетістіктерді атап өту	1

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ОҚУШЫЛАРМЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС ҚОЛӨНЕР-ХАЛЫҚ АМАНАТЫ

Нурбатырова Бакытгуль Ашимовна
Алматы облысы,Талғар ауданы
Бірлік ауылындағы Б.Момышұлы атындағы № 35 мектеп-гимназиясының көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Кіріспе

«Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті». «… Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы – қазақ баласы қиялқұмар болуға тисті».

МағжанЖұмабаев

Мақсаты:

Оқушыларды шығармашылығын дамытуда жеке тұлға ретінде қалыптастыру,ізденімпаздыққа тәрбиелеу,қазақ халқының ұлттық өнерін құрметтеуге баулу.

- Оқушының қабілеті мен әрекетін дамыту
- Шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету
- Шығармашылық жұмыс арқылы ізденімпаздығы мен іскерлігін дамыту
- Шығармашылық тапсырмалар бере отырып өнерге деген қызығушылығын арттыру
- Жұмысты ұйымдастыру кезінде тапқырлығын,ұстамдылығын дамыту
- Ой-қиялын ұштай отырып,баланы өз бетімен іс-әрекет жасауға дағдыландыру
- Шығармашылық жұмыстардың нәтижесін көре отырып баланың өз-өзіне деген сенімділігін арттыру
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Негізгі бөлім

Қолөнер-халық аманаты.
Сенемін келер ұрпақ көрмес зиян,
Өнерім,өлеңімді дербес қоям.
Қабылда аманатты туған елім,-
Алтын бесік алауы сөнбес ұям.
Д. Шоқпарұлы

Қолөнер-халықтық қасиетімен ұрпақтан -ұрпаққа ауысып,тамырын тереңге жайып келе жатқан халықтың мұрасы.Осынау халық қазынасын қастерлеу-көзі ашық,көкірегі ояу,ар-намысты,ұлтжанды әрбір адамның борышы. Халқымыз қолөнершілік шеберлігімен өз тұрмысына қажетті киім-кешек,ішіп-жем,үй-жай,құрал -жабдық,қару-жарақ саймандарының барлығын өз қолымен жасаған.

Негізгі айналысатын кәсібі -мал шаруашылығы болғандықтан малдан алынған шикізаттарды тұрмысқа қажетті заттарды жасауға пайдаланды. Төрт түлік малдың бабымен көшіп-қонуы, тері иле у,көншілік,етікшілік,өрімшілік,жүн мәнерлеу,киіз басу,есу,өру,тоқу өнерінің туындауына негіз болды. Сәндеп киім тігу,үй жабдықтарын сәндеу,әсемдік түс беру арқылы,әдемілікке деген қажеттілік сәндік-қолданбалы өнердің дамуына алып келді.

Киізден жасалынған халқымыздың көптеген бұйымдары белгілі.Киіз жүннен жасалынады, жүнді халқымыз баққан малынан күзеп алып отырған.

Жүн- жан-жануардың үстіндегі түгі,қылшығы.Жүн-көшпенді тұрмыс қажеттілігін өтейтін өнімнің бір түрі.Халқымыз ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылдануы,мал жүнін пайдалануының негізі болды.Жүннен жасалынған бұйымдар мықты,шыдамды,тұрмысқа қолайлы,денсаулыққа пайдалы(суықтан,ызғардан, күн көзінен қорғайды).

Күзем алу-дәстүрлі науқанды жұмыс.Күзде мал қырқылатын мезгілде мал жүнінің қырқылып алынуы-күзем алу деп аталады.Киіз басылатын жүн негізінен қойдан алынады.Күзем сөзі күзгі мезгілді меңзейтін ұғым .Әр түліктің күзелу мезгілі әркелкі болып келген.

Күзем алудың құрал-сайманы-қырықтық.Қырықтық-темірден жасалынған қайшы ұқсас өткір сайман. Жүн қырқылу барысында ақ,қара,қоңыр түрлеріне бөлініп,бөлек-бөлек жиналады және сапасына қарай ұяң, салалы,қылшықты,қысқа бауыр жүндер болып сұрыпталады.Жүнді ары қарай кірінен тазартылып, жүн сабауға дайындайды.

Жүнді сабау арнаулы саймандар- тулақ пен сабау жабдықтармен жүргізіледі.Тулақ жерге төселінетін ,мал терісінен жасалынған бұйым. Сабау -ырғайдан, талдан жасалынған бір жұп жіңішке таяқ.Жүн сабау арқылы жүнді үлпілдетіп нақышына келтірген.

Сабалған жүнді ары қарай киіз басуға дайындайды.

Киізді халқымыз көшпенді тұрмысының барлық қажетіне жаратты.Киізді баспанасына жабынды,басына сая,еденіне төсеніш,үстіне киім ретінде пайдаланды. Киіз жасауды халқымыз киіз басу деп атаған, мол болып түрған жүнді үстінен қысым түскенде қалыңдығы жұқаратынын және көлемінің қысқаратын қасиетін білген ата-бабаларымыз үстінен су сеуіп, кеспелтек ағаштармен басу арқылы алғашқы киіз нұсқасын жасаған болу керек.

Кейіннен жүннің ыстық суда бірігетін физикалық қасиетін игеріп,киіз басу техникасын меңгергені белгілі.

Қазіргі кезде жүннен бұйым жасаудың дымқыл және құрғақ әдістері деп аталатын жолдарының бірнеше техникалық тәсілі бар.Дымқыл тәсілімен басу техникасын біз ата-бабаларымыздан қалған мұра ретінде білеміз.Екінші әдісі соңғы кезде пайда болды.Ол жазық заттарды да жұмыр заттарды жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс фелтинг деп те аталады.Бұл техникада арнайы инелер қолданылады, бұл инелерде арнайы кертіктері бар,ине жүн ішінен өткенде , сол кертіктер жүн талшықтарын іліп әкетіп,араластырады,ұйыстырып тығыздайды. Инелердің жасалынатын жұмыстың түріне байланысты нөмірлері болады. Жазылған жүнді арнайы инелермен тығыздау-киізді құрғақ басу деп аталады.

Картиналар жасалу үшін негізі,астары ретінде фетр матасы алынып,оған эскиз көшірмесі салынады. Ары қарай түстік ерекшеліктеріне байланысты түрлі-түсті жүндер алынып, жұмыс жасау басталады.Арасында кесте өнерін қосып картиналарды аралас әдісімен де жасалынған тұстары бар.Жүнмен жұмыс жасау адамға тыныштық , рахаттану сәтін сыйлайды.

Бұл әдіспен түрлі -түсті картиналар,,ойыншықтар ,моншақтар және киімді безендіруге , киім тігуге полотнолар жасауға болады.

Қазіргі кезде табиғи заттардан жасалынатын бұйымдар ,соның бірі жүннен жасалынған бұйымдар қауырт өркендеу үстінде.Бұл техниканы қазіргі таңда шеберлер кең ауқымда қолданып жүр.Ол жиһаз бен интерьер заттарын жасауда кеңінен қолданылуда. Киімге арналған киіз бижутерия аксессуарлар,монш ақтар,түймелер,шаш қыстырғыш,білезік,белдіктер,с өмкелер,әмияндар,телефон салғыш қаптамалар,аяқ-киімдер,бөріктер,етіктер бар.Киіз бұйымдарын дайындау кез-келген адамның қолынан келеді,тек оған белгілі машық пен төзім керек.

Осы техникадағы жұмыстарды біз 8 -ші сынып қыздар тобымен шығармашылық жоба ретінде жасадық. Жобаларды дайындау барысында барлық кезеңдерде мен кеңесші ретінде жасалынатын жобаға сурет таңдауға көмектестім.Жобаны орындау кезінде оқушыларда осы үдеріске белсене қатысып,тың идеялар қосып,нәтижеге жұмыс жасады.

Шығармашылық жұмыс барысында балаларда істеген жұмыстарына толық және терең қанағаттанушылық болды. Балалардың шығармашылық белсенділігі артып,белгілі өнер майталмандары мен өнер туындыларына деген қызығушылықтары артты.

Жобаларды істеу барысында оқушылар зерттеу жүргізуге, тиімді шешімдер қабылдауға, өзінің қабілеттерін бағалауға, мүмкіндік алды.

Оқушылар еңбек тәрбиесін алып,өздерінің еңбектерінің маңыздылығын сезініп,болашаққа деген сенімділік пайда болды.

Шығармашылық жобамен жұмыс істеу барысында балалар сонымен қатар шыдамды, төзімді ,өз мойындарына жауапкершілік ала алатын тұлға ретінде қалыптасты.

Жобаларды көлемді жасауға, сәндік-қолданбалы өнер саласын және тарихын зерттеуге,көптеген идеялармен бөлісуге, қолөнер жағынан қабілеттерін көруге уақыт және мүмкіндіктер жеткіліксіз. Өйткені оқу уақыты шектеулі. Сол себепті сабақтан тыс пән бойынша үйірме жұмыстарын жүргізуге тура келеді. «Айсырға » қыздар шығармашылық клубын ұйымдастырып,сабақта және сабақтан тыс уақытта жұмыстар жасалынды.

Мектепте және мектептен тыс жерлерде өткізілетін көрмелердің жиі және көбірек болғаны балалар үшін маңызы өте зор. Бұл жерлерде балалардың жұмыстарын достары, мұғалімдері және ата-аналары бағалай алады. Оқушылардың шығармашылық жобалары мереке күндеріндегі іс-шараларда,мектептегі тематикалық іс-шараларда көрнекіліктер ретінде кеңінен пайдаланылады.Бұл дегеніміз оқушылардың шығармашылық жұмыстарға деген қызығушылығын жоғарлатып,еңбек етуге,бос уақыттарын дұрыс пайдалануға мотивация береді.Осы шығармашылық жоба аясында өз кішігірім бизнестерін жасауға және одан табыс табуына ,соның арқасында өздерін еңбек нарығында сынап та көрді, өмірлік тәжірибе,машық жинауға алғашқы баспалдақтары болды.Оқушылар кішігірім кәдесыйлардан бастап,күрделі картиналар жасауды,интерьерлік бұйымдар,заманауи камзолдар,көйлектер жасап,тапсырыстар алып,табыс көзіне айналдыруға дағдыланды.

Менің мысалымда жүннің құрғақ басу техникасында интерьерді безендіруге арналған картиналар,камзолдар жасалынған оқушыларымның жұмыстары бар.Қазақстанның шеберлері Зейнелхан Мұхамеджанұлының,Лиза Калимованың туындыларына репродукциялар жасалынды.

Осы шығармашылық жоба аясында оқушым Алибаева Тоғжан «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығы кмм ұйымдастырған Бейсен Құранбек атындағы олимпиадасының «Қолөнер-зерделі өнер» атты қолөнер байқауының жеңімпазы атанып,1-ші дәрежелі дипломмен және смартфонмен марапатталды.

2023-2024 оқу жылында 9 сынып оқушысы Халық Ғалия жүннекұрғақ техникада « Төбетейді ұлттық брендке

айналдыру» ғылыми жобамен аудандық,облыстық кезеңнен бірінші орын алып,Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының ,республикалық кезеңінде екінші орын иеленіп,ҚР ОАМ-нің 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балаларды осы жұмыстар арқылы эстетикалық талғамға баулу, әртүрлі эстетикалық қасиеттерді көңіл күй сезімімен бағалау,сұлулықты, әсемдікті ұсқынсыздықтан ажырата білуге үйретеді..Өнер шығармаларын жасау арқылы сұлулықтан ләззәт алу қабілетің,еңбекте, тұрмыста, мінез-құлықта,өнерде әсемдікті қабылдап,өмір мен өнердің эстетикалық игіліктерін терең және жан-жақты танып білуге дағдыландырады.





«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ

Нуртаева Айгерим Аманжоловна
Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Кемерши селосы
«Қ.жазықов атындағы орта мектебі»КММ-нің
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Бағдарламаның өзектілігі: Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың мәдениеті мен дәстүрін сақтау мен дамытуда маңызды рөл атқаратын құралдардың бірі. Өйткені олар тек дене шынықтыру мен спортты дамыту ғана емес, сонымен қатар ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарды дәріптеудің бір түрі болып табылады. Бүгінгі таңда балалар мен жастар арасында дене шынықтыру және спорттық белсенділікке деген қызығушылық төмендеп келеді. Осыған байланысты ұлттық ойындарды оқыту арқылы дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру қажет. Бұл бағдарлама қазақтың ұлттық ойындарының маңыздылығын түсіндіру мен балалардың белсенділігін арттыру мақсатында әзірленген. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: Бағдарлама ғылыми зерттеулерге негізделіп, дене тәрбиесі мен ұлттық ойындардың ғылыми-әдістемелік негіздерін қамтиды. Бұл жұмыс барысында ұлттық ойындардың теориялық негізі мен практикалық қолданылуын зерттеу мақсатында әртүрлі дерек көздері мен ғылыми мақалалар қолданылды. Бағдарламада ұсынылған әдіс-тәсілдер мен жаттығулар, балалардың жас ерекшеліктеріне сай және денсаулыққа қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндей деңгейде дайындалған. Бағдарламаның жаңашылдығы: Бұл бағдарлама қазақтың ұлттық ойындарының заманауи дене шынықтыру жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз етеді. Жаңашылдығы, ең алдымен, ұлттық ойындарды оқу процесіне енгізудің инновациялық әдістерінде жатыр. Бағдарламада ұлттық ойындар мен заманауи физикалық жаттығуларды біріктіру арқылы балалардың физикалық дамуын ынталандыруға бағытталған жаңа тәсілдер ұсынылады. Сонымен қатар, ұлттық ойындарды сабақта пайдалану арқылы балалардың ұлттық санасын дамыту, рухани тәрбиені арттыру мүмкіндігі қарастырылған. Педагогикалық орындылығы: Бұл бағдарлама педагогикалық тұрғыдан тиімді әрі практикалық негізде құрылған. Ұлттық ойындарды оқыту барысында оқушылардың оқу мотивациясы жоғарылайды, себебі олар ойын арқылы ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен тарихты танып-білу процесіне де қатысады. Бағдарлама оқушылардың дене тәрбиесінің барлық аспектілерін қамтып, олардың денсаулығын жақсарту, физикалық және ақыл-ой дамуын үйлесімді қамтамасыз етуге бағытталған. Теориялық маңыздылығы: Бағдарламаның теориялық маңыздылығы ұлттық ойындардың педагогика мен дене шынықтырудың теориялық негізінде қолданылуын анықтайды. Қазақтың ұлттық ойындарын оқыту процесі арқылы дәстүрлі және заманауи дене тәрбиесі әдістерінің үйлесімділігі мен тиімділігі зерттеледі. Бұл бағдарлама ұлттық ойындардың балалар мен жастардың денсаулықтарын сақтауға, сондай-ақ олардың мәдениетке деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Практикалық маңыздылығы: Практикалық маңыздылығы бағдарламаны мектептерде, балалар мен жастарға арналған спорт мектептерінде, түрлі лагерлерде жүзеге асыру мүмкіндіктерінде жатыр. Бұл бағдарлама ұлттық ойындарды оқыту арқылы баланың дене күшін, жылдамдығын, ептілігін арттыруға 6 мүмкіндік береді. Сонымен қатар, балалардың бойында көшбасшылық, топпен жұмыс істей алу, тәртіп сақтау сияқты маңызды дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Бағдарламаны апробациялау: Бағдарламаны апробациялау үшін бірнеше мектептер мен балалар ұйымдарында пилоттық жобалар жүргізілді. Жұмыс барысында оқушылар мен педагогтар бағдарламаның тиімділігі мен қолдану мүмкіндіктерін бағалап, олардың тәжірибелері негізінде бағдарламаны жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Осылайша, қазақтың ұлттық ойындарын дене шынықтыру жүйесіне енгізу, балалардың дене тәрбиесін нығайтуға және ұлттық мәдениетті жаңғыртуға мүмкіндік береді. Бағдарлама өзінің өзектілігі, жаңашылдығы мен педагогикалық тиімділігі арқылы еліміздің дене шынықтыру саласын дамытудың жаңа кезеңіне қадам басуға септігін тигізеді. Мақсаттары мен міндеттері Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балалардың дене тәрбиесін жақсарту, олардың физикалық және рухани дамуына ықпал ету. Бұл бағдарлама арқылы ұлттық

